

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Студент үйлеріне орналасу және тұру ережелері Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жылғы № 319 «Білім туралы» заңдарына, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ішкі тәртібінің ережелеріне сәйкес университет Студент үйіне орналасу және тұру тәртібін реттейтін нормативтік акт болып табылады.
- 1.2. Осы ережелер Студенттер үйінде тұратын тұрғындардың барлығы үшін міндетті.
- 1.3. Студенттік үйінің коменданты осы ережелермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.
- 1.4. Студенттерді Студент үйіне арнайы құрылған комиссия шешімімен орналастыру жұмысы жүргізіледі.

2. СТУДЕНТ ҮЙІНЕ ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Студент, магистрант комиссияға мына құжаттарды тапсырады:
 - ректордың атына Әлеуметтік мәселелер және жастар саясат департаменті мен факультет декандарының қол қойған арызы;
 - жеке куәлігі (көшірмесі);
 - 2 фотосуреті 3x4;\
 - әлеуметтік мәселелерге және денсаулығына қатысты анықтама
 - Студент үйіне тұру үшін төлемнің түбіртегі (көшірмесі), (ордер алынған соң).
- 2.2. Комиссия Студент үйінің комендантымен бірге орналастыру барысында сәйкес тұратын орнын (бөлме) анықтап, тіркелу үшін құжаттың үлгісін береді (ордер, рұқсат құжат).
- 2.3. Студент үйінің орындары студенттерге мына ретпен беріледі:
 - жетімдерге (төлемақысыз);
 - мемлекеттік грант иегерлеріне;
 - көп балалы отбасылық студенттерге, бір ата-ананың тәрбиесіндегілерге.
 - мүгедектерге;
 - ақылы негізде оқитын студенттерге.
- 2.4. Студент (магистрант), Студент үйінің комендантына барлық құжаттарды тапсырады (ордер және төлемнің түбіртегі (көшірмелері)).
- 2.5. Тұрғындарды уақытша тіркеуді берілген ордердің негізінде паспортист жүргізеді. Уақытша тіркеуден шығару белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Студент шығаруға келмеген жағдайда, паспортист оны келісімін алмай-ақ шығара алады.

3. ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСҚАН СТУДЕНТ , МАГИСТРАНТ МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Нұсқама алу:
 - өртке қарсы қауіпсіздік ережелерінен;
 - электр құралдарын қолдану ережелерінен.
- 3.2. Студент үйінің ішкі тәртіп ережелерімен танысу (ережелердің талаптарымен, орналасатындарды Студент үйінің коменданты таныстырып, нұсқаулар береді).
- 3.3. Жолдама алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Студент үйінің орналасу.
- 3.4. Бекітілген мына талаптарды қатаң сақтау:
 - ішкі тәртіп ережелерін;
 - өрт қауіпсіздігі ережелерін;
 - электрсаптарымен жұмыс жасау ережелерін;
 - санитарлық нормаларды;
 - қауіпсіздік техникасы ережелерін.
- 3.5. Студент үйінің құрал-жабдықтары мен мүліктеріне ұқыпты қарау, студент үйінің төңірегіндегі аумақты таза ұстау, электр қуаты мен суды үнемді жұмсау.
- 3.6. Тұрғын бөлмелер мен ортақ қолданыстағы орындарда тазалық пен тәртіп сақтау, өздерінің тұрғын бөлмелері мен дәліздерде (блоктар, секцияларда) күнделікті ылғалды тазарту жүргізу. Студент үйінің кезекші вахтермен бірге кесте бойынша кезекшілікте болу.

- 3.7. Бөлмеден шыққанда терезе, есік, электраспаптары мен жарықты сөндіру. Жеке заттарының сақталу қамын ойлау (сақтауға тапсырылмаған заттарға әкімшілік жауап бермейді).
- 3.8. Кесте бойынша және студенттік кеңестің басқаруымен әрбір бейсенбі сайын және мереке қарсаңында жатақхана бөлмелерін тазалау. Белгіленген мерзімдерде студент үйіне барлық санитарлық шараларды жүргізу (берілген аумағын тазарту, сенбіліктер, шешуші жинастырулар).
- 3.9. Студент үйінен шыққан кезде, сондай-ақ демалысқа, практикаға кеткенде Студент үйінің комендантын бұл туралы хабардар ету, бөлмені, кілттер мен барлық мүліктерді көрсете отырып тапсыру. Өз-өзіне қызмет жасаудың барлық түрлеріне белсенді қатысу және кезекшілік кестесін қатаң сақтау.
- 3.10. Студент үйінің тұрғын бөлмелерінің, қоғамдық қолдану орындарының жағдайын тексеруге байланысты әкімшілік өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде оған бөгет жасамау.
- 3.11. Ғимарат, бөлмелер, мүліктер мен құрал-жабдықтарды (жиһаз, электрарматура, терезе әйнектері, есіктер, құлыптар, шамдар және т.б.) зақымдауға жол берген адамдар келтірілген шығынның толық құнын өтеуге тиісті немесе акт жасалғаннан кейін екі күннің ішінде өз есебінен алуы тиіс.

4. СТУДЕНТ ҮЙІНІҢ РҰҚСАТ ҚАҒАЗБЕН КІРУ ЖҮЙЕСІ

- 4.1. Студент үйінде тұратын барлық студенттер орналасқан кезде коменданттан бекітілген кіруге рұқсат қағазын алады, оны студент үйіне кірген кезде кезекші вахтерға көрсетуге міндетті (рұқсат қағазды көрсетпеу жағдайында кезекші вахтер студентті комендант тарапына ескерту жасап, комендант рұқсатымен кіруді талап ете алады).
- 4.2. Студент үйінің вахтасында бөлмелердің нөмірі көрсетілген тұрғындардың толық тізімі болуы керек.
- 4.3. Денсаулығына арнайы анықтамасы бар студенттердің тізімі бөлек тұру керек.
- 4.4. Студент үйінде мүліктерді, құрал-жабдықтарды, қондырғыларды, жиһаздарды және т.б. шығару материалдық рұқсат қағазы немесе коменданттың жеке рұқсатымен жүргізіледі.

5. СТУДЕНТ ҮЙІНДЕ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 5.1. Ішкі тәртіп ережесін сақтаған жағдайда студент үйінің оқу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы бөлмелерін, құрал-жабдықтары мен мүліктерін пайдалану.
- 5.2. Студенттік кеңесті сайлау және оның құрамына сайлану.
- 5.3. Студенттік кеңестер арқылы тұрғын үй-тұрмыстық қамтамасыз етуді жетілдіру, демалыс уақытын ұйымдастыру, тұрғын бөлмелерді жабдықтау, өзіндік жұмыс үшін бөлмелерді жабдықтау мәселелерін шешуге қатысу.

6. СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

- 6.1. Өз-өзіне қызмет жасау, мәдени-көпшілік, спорттық-сауықтыру жұмыстарын, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды, студенттердің тұру қауіпсіздігін ұйымдастыру мақсатында студенттер студент үйінің студенттік кеңесін сайлайды, ол әкімшілікпен қарым-қатынастарды тұрғындардың мүддесін қорғайды.
- 6.2. Студенттік кеңес қабаттардың, блоктардың старосталары қызметін үйлестіреді, студент үйінің өз-өзіне қызмет жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады, ерікті түрде тұрғындарды студент үйі мен оның аумағында қоғамдық пайдалы жұмыс жасауға тартады.
- 6.3. Ректор, Әлеуметтік мәселелер және жастар саясат департаментінің директоры, декандармен, әлеуметтік мәселелер және мәдени шығармашылық сектор, студенттік кәсіподақ комитетімен келісілген студенттік кеңестің шешімдері міндетті болып табылады.
- 6.4. Қабаттардың старосталарын студенттік кеңес тағайындайды. Оларға санитарлық нормалардың, ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын бақылау, қабатта тұру жағдайларын жақсарту бойынша шараларды өткізу жүктеледі. Қабаттардың старосталары қабат және жатақхана бойынша кезекші бөлмелерді белгілейді және

олардың жұмысын бақылайды. Студент үйінің әрбір секциясында староста сайланады, ол мүліктерге ұқыпты қарауды, секция тазалығымен қатар, бөлмелерінің тазалығын, тәртіптерін қадағалайды.

7. СТУДЕНТ ҮЙІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА ТИЫМ САЛЫНАДЫ

- 7.1. Өз бетімен бір бөлмеден екінші бөлмеге көшуге.
- 7.2. Өз бетімен бір бөлмеден екінші бөлмеге мүліктерді көшіруге, бөлмеден дәлізге шығаруға. Қабырғаларды бүлдіретін бояулар, қағаз қиындылары немесе плакаттар іліуге болмайды.
- 7.3. Есіктерді, құлыптарды бұзып ашуға, өз бетімен тұрғын бөлмелердің есіктеріндегі құлыптарды алмастыруға немесе өз бетімен қосымша кілттер жасатып пайдалануға болмайды (бөлменің артық кілті студент үйінің комендантына тапсыру керек).
- 7.4. Бөгде адамдарды қондыруға, сондай-ақ өздерінің орнын түнеп шығу үшін студент үйіне басқа бөлмелерінде тұратын студенттерге беруге.
- 7.5. Спирт ішімдіктерін, сыра мен оның негізінде жасалатын ішімдіктерді ішке әкелуге және ішуге, жатақханаға адамдық қадыр-қасиет пен қоғамдық адамгершілікті қорлайтын алкогольдік және есірткілік мастық күйде келуге.
- 7.6. Бөлмелер, дәліздер мен ортақ қолдану орындарында шылым шегуге.
- 7.7. Электр сымдарын қайта жасауға, төбе шамдарын алмастыруға, жатақхана әкімшілігімен келіспей, қосымша электр қуатын тұтынатын құралдарды қосуға.
- 7.8. Тұрғын бөлмелерде электрқыздырғыш құралдарын пайдалануға (плитка, мультиварка, үтік, чайник, ұзартқыш, жылытқыш құралдарын және т.б.).
- 7.9. Репродуктор, радиоқабылдағыштар, магнитофондар, бөлме ішінде естілу шегінен артық дауыс қаттылығына қосуға.
- 7.10. Түнгі уақытта (22.00-ден 06.00-ге дейін) дыбыс шығаратын аппаратураны қосуға, өлең айтуға, шулауға және т.б.
- 7.11. Сағат 22.00-ден 7.00-ге дейін басқа бөлмеде болуға.
- 7.12. Бөлмеде жануарларды (балықтар, құстар және т.б.) ұстауға.
- 7.13. Әкімшіліктің келісімісіз студенттер үйінің кез-келген жерлеріне хабарландырулар, плакаттар, кестелер және т.б. ақпараттарды жапсыруға.
- 7.14. Қонақтар мен ата-аналарды алып келуге.
- 7.15. Өз бетімен би, дискотека және басқа шараларды ұйымдастыруға.
- 7.16. Құмар ойындар ойнауға.
- 7.17. Бөгде адамның мүлкін рұқсатсыз алуға.
- 7.18. Қызметкерлерге дөрекі сөйлеп, тіл тигізуге.
- 7.19. Рұқсат қағазы мен кілттерді бөгде адамдарға беруге.
- 7.20. Терезеден қоқысты және басқа заттарды тастауға.
- 7.21. 10 (он) күннен астам себепсіз жатақханада болмауға.

8. ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНДЫҒЫ ҮШІН СТУДЕНТТЕРДІ ЖАЗАЛАУ

- 8.1. Студенттік студент үйі ішкі тәртібінің осы ережелерін бұзғандығы үшін тұрғындарға мына тәртіп жазалары қолданылуы мүмкін:
 - ескерту;
 - сөгіс;
 - қатаң сөгіс;
 - жатақханадан шығару;
 - келесі жылға орын беруден бас тарту;
 - университеттен шығару.
- 8.2. Мас күйінде жүргендігі, спирт ішімдіктерін ішкені, есірткілерді пайдаланғандығы, бейморальды қылықтары, төбелескендігі, студент үйінің мүлкін қасақана бүлдіргені үшін, себепсіз бір ай ішінде студент үйіне тұрмаған жағдайда білім алушылар студент үйінен шығарылады.
- 8.3. Білім алушының ішкі тәртіп ережелерін бұзу фактілері анықталғанда университет әкімшілігі оны келесі жылы студент үйіне орналастырудан бас тартуға құқылы.

9. СТУДЕНТ ҮЙІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫН МАДАҚТАУ

- 9.1. Студенттердің тұрғын жағдайларын жақсартқандығы үшін студенттік кеңестің мүшелері, қабаттардың старосталары мен басқа белсенділер студенттердің кәсіподақ комитетінің келісімімен мадақтала алады.
- 9.2. Мадақтау түрлеріне жататындар:
 - алғыс жариялау;
 - ақшалай сыйақы беру;
 - келесі жылға конкурстан тыс орын беру.

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрі
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**БЕКІТЕМІН
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
ректоры Б.А. Ердембеков**

«___»_____2017ж

СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ ОРНАЛАСУ ЖӘНЕ ТҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ақтөбе, 2017ж